

**"Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті  
" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан  
Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 2 қазандағы № 15  
бұйрығына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 12 ақпандағы № 53 бұйрығы

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 22-бабының 2-2-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 2 қазандағы № 15 бұйрығына толықтырулар енгізілсін:

"Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесінде:

15-тармақты мынадай мазмұндағы 225), 226) және 227) тармақшалармен толықтырылсын:

"225) арнайы инвестициялық келісімшарт жасасу және бұзу саласында нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

226) арнайы инвестициялық келісімшартты дайындауды іске асырады;

227) арнайы инвестициялық келісімшартты жасасу, тіркеу бойынша рәсімдерді іске асырады және мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды."

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық бекітілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық нысанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін " Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК